

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY		
Құжат СМК 3 деңгейі	29.10.2024 ж. №1	Е.03.61/2024
Ережелер	редакциясы	

PhD докторлық диссертацияның аннотациясын ресімдеу

ЕРЕЖЕЛЕРІ


Семей, 2024

Алғаш рет енгізілді

Алғысөз


1. Әзірленді

Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректор



Кайшатаева А.К. «29» 10 2024 ж.

2. Келісілді

Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректор



Кайшатаева А.К. «29» 10 2024 ж.

Заң қызметінің басшысы, заң кеңесшісі


Эфендиев Э.И. «29» 10 2024 ж.

3. Бекітілді

Президент


Ш. Курманбаева

Мазмұны

1.	Жалпы ережелер.....	4
2.	PhD докторлық диссертацияның аннотациясын ресімдеу бойынша нұсқаулықтар	4
3.	Аннотацияны ресімдеуге қойылатын талаптар	5
4.	1 Қосымша.....	6
5.	Өзгерістерді тіркеу парағы	7
6.	Танысу парағы.....	8

1. Жалпы ережелер

1.1 «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы № 126 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 294 бұйрығына сәйкес докторант белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын қорғау материалдарына қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аннотация ұсыну тиіс.

1.2 PhD докторлық диссертациялардың аннотациясын ресімдеу ережелері (әрі қарай – Ережелер) аннотацияны ресімдеу құрылымына, көлеміне және ережелеріне қойылатын жалпы талаптарын белгілейді.

2. Докторлық (PhD) диссертацияның аннотациясын ресімдеу бойынша нұсқаулықтар

2.1 Аннотация-бұл дайындалған ғылыми зерттеудің бөлігі, жұмыстың мәнімен (оның мазмұны, мақсаты, әдістемесі, ғылыми нәтижелері) танысуға мүмкіндік беретін қысқаша шолу. Диссертациялық зерттеудің аннотациясында қажетсіз мәліметтер, графикалық материалдар (суреттер, графиктер, диаграммалар, схемалар және т.б.) болмауы керек.

2.2 Аннотация келесі бөлімдерден тұруы керек:

1) Диссертациялық зерттеудің тақырыбы.

2) Диссертациялық зерттеудің мақсаты. Мақсат қысқаша құралады. Ол жоспарланған жұмыстың негізгі мәнін көрсетуі керек. Сөздер мен терминдерді қысқартуға болмайды.

3) Зерттеудің міндеттері. Міндеттерді қойған кезінде зерттеу, анықтау, әзірлеу, бағалау, талдау, қалыптастыру, орындау сияқты сөздерді қолдану ұсынылады.

4) Зерттеу әдістері. Зертханалық, аспаптық, деректерді статистикалық өңдеу әдістерді, қажет болған жағдайда сауалнамалар әдісін және осы әдістердің сапа өлшемдерін көрсету. Докторант жалпы ғылыми әдістер мен заманауи зерттеу технологияларын қолдана отырып, жиналған материалды қысқаша талдауы керек.

5) Негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар).

6) Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Осы бөлімде зерттеудің соңғы нәтижелері қысқаша сипатталу қажет. Докторант алынған нәтижелердің дұрыстығына баға беруі керек.

7) Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі. Докторант өз шешімін қысқаша көрсетіп, ғылыми зерттеулер жүргізуге өзіндік

көзқарасты, авторлық модельді, озық гипотезалар мен теорияларды талдауды, құбылыстарды сипаттауды ұсынуы керек.

8) Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

9) Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады.

2.3PDF форматындағы құжат университеттің ресми сайтында белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын орналастырылуы керек.

3 Аннотацияны ресімдеуге қойылатын талаптар

Аннотация мәтіні MS Office Word форматында, бағдар – кітап, Times New Roman шрифті, түсі – қара, қаріп өлшемі – 12 кегль, жоларалық интервал – бір, шеттер – сол жақ 3 см, оң жақ – 1,5 см, жоғарғы және төменгі жақтары – 2 см. Мәтінді ені бойынша тұралау. Тақырыптар қалың шрифтімен, бөлек жолмен, соңында нүктесіз теріледі. Аннотацияның әр тілі үшін ұсынылатын көлемі– 1 500 – 2 000 сөздер. Аннотация үлгісі 1-қосымшада.

1 Қосымша.

Аннотация

Диссертация тақырыбы: _____, PhD докторы дәрежесін алуға ұсынылған білім беру бағдарламасының атауы, шифры, _____

Диссертациялық зерттеудің мақсаты:

Зерттеудің міндеттері _____

Зерттеудің әдістері _____

Негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар).

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады

